



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 8 желтоқсан

Жастар Форумына Қазақстанның түрлі өңірлерінен 40-тан астам жоғары оқу орындарынан студенттер қатысты

2017 жылғы 6-7 желтоқсанда Қазақстан Ұлттық Банкінің қолдауымен Алматы қаласында Enactus Kazakhstan халықаралық коммерциялық емес ұйымымен бірлесіп ENACTUS Kazakhstan «TOP TO FUTURE LEADERSHIP FORUM» атты жастарға арналған Бизнес – Форум өтті.

Бизнес – Форумның мақсаты бизнес, инновациялар саласында жастар әлеуетін дамыту, елде ғана емес, сол сияқты әлемдік деңгейде де кәсіпкерлік тәжірибесін бөлісу болып табылады. Сонымен бірге Форум 2018 жылғы 9 – 11 қазанда АҚШ-та өтетін Республикалық біріншілікке және Enactus Әлем Кубогына қатысуға жастардың өзіндік дайындығы болып табылады.

Жастарға арналған Форум 8 интерактивті сессиядан тұрды, олардың барысында сарапшылар: Enactus Kazakhstan, Enactus Alumni бизнес-әріптестері, директорлар кеңесінің мүшелері сөз сөйледі. Форумның салтанатты түрде ашылуы кезінде Ұлттық студенттік кәсіпкерлік кубогына, ENACTUS Kazakhstan National EXPO 2018 стартаптар мен инновацияларға қатысушы командалардың салтанатты шеруі өтті, түрлі университеттердің студенттеріне стипендиялар тапсырылды. Сонымен бірге ENACTUS ALUMNI түлектері жобаларды іске асырудағы өздерінің табысы мен тәжірибесімен бөлісті. Форум кезінде Қазақстанның түрлі университеттерінің командалары өздерінің үздік әлеуметтік және бизнес – жобаларын ұсынды. Форум аяқталғаннан кейін қорытынды шығарылып, жеңімпаз командалар таңдалды.

Жастар Форумына Қазақстанның түрлі өңірлерінен 40-тан астам жоғары оқу орындарынан студенттер қатысты, олар халықтың өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін өздерінің қолданыстағы бизнес және әлеуметтік жобаларын, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтауға арналған жобаларды ұсынды.

ENACTUS Kazakhstan «TOP TO FUTURE LEADERSHIP FORUM» атты жастарға арналған Бизнес – Форум барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлері халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі ENACTUS халықаралық бағдарламасының қатысушы студенттеріне арналған интерактив форматындағы семинар және Форумға қатысушылардың арасында әлеуметтік пікіртерім жүргізді. Семинар барысында Ұлттық Банк қызметкерлері Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасының шеңберінде іске асырылып жатқан жобалар туралы, сондай-ақ халықтың арасындағы қаржы саласында ең талап етілген тақырыптар туралы айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 244 қаулысымен мақұлданған «ҚР халқының қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасын» іске асыруда. Бұл Бағдарлама шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі жастарға ерекше көңіл бөлуде, жастарда қаржылық мәдениеттің негізгі дағдыларын

қалыптастыру мақсатында жастарға және кіші және орта мектеп жасындағы балаларға арналған телевизиялық бағдарламалар іске асырылуда.

Қаржы реттеушісі жастарға қолдау көрсетуде, жастарда белсенді қаржы-экономикалық ұстанымның қалыптасуына көңіл бөлуде, жастар/студенттер аудиториясына бағытталған және ел прогресі үшін экономикалық және қаржы салаларын дамыту және оның әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында халық арасындағы қаржылық сауаттылық пен мәдениетті арттыруға арналған бағдарламаға белсенді қатысуын тартуға бағытталған халықаралық, білім беретін жастар Enactus бағдарласымен бірлесіп, телевизиялық жобаларды іске асыруда.

Enactus белсенді студенттерді, жастарды қолдау көрсететін академиялық және іскер көшбасшыларды біріктіретін халықаралық ұйым. Бірге олар мұқтаж адамдардың өмірінің деңгейің және сапасың жақсарту үшін кәсіпкерлік тәсілді пайдаланады. Enactus командалары адамдардың өмірінің деңгейің және сапасың жақсарту үшін арналған өз жобаларын дамытады және жүзеге асырады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz